

FTAXP 06.35.01

ӘОЖ 378.1

JEL A22, M40

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-2-60-73>

ТЛЕУБАЕВА С.А.,¹

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: ms.santay@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3312-5593

КАСЫМБЕКОВА Г.Р.,^{*2}

PhD, қауымдастырылған профессор.

*e-mail: gulzhahan_k@mail.ru,

ORCID ID: 0000-0002 5411-1297

АБУОВА Н.Ж.,²

м.э.н., сениор-лектор.

e-mail: n.abuova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0009-0376-8510

ЕСПЕРГЕНОВА Л.Р.,³

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: l.espergenova@almau.edu.kz

ORCID ID: 0009-0007-4936-5739

¹Реддинг университеті, Білім институты,

Реддинг қ., Ұлыбритания,

²«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

³Алматы Менеджмент Университеті

Алматы қ., Қазақстан

ӨНДІРІСТІК ЖАҒДАЙЛАРДА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТЕ РЕФЛЕКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада өндірістік жағдайларда бухгалтерлік есепте рефлексивті әдістерді қолданудың ерекшеліктері жан-жақты зерттеледі. Қазіргі өндірістік орта қарқынды даму мен күрделі экономикалық өзгерістерге ұшырап отқан жағдайда, бухгалтерлік есептің дәлдігі мен сенімділігіне ерекше көңіл бөлінеді. Рефлексивті әдістер бухгалтерлік есепті тек формалды есеп жүргізу құралы емес, сонымен қатар кәсіпорынның қаржылық ахуалын терең түсіну және талдау әдісі ретінде қарастырады. Мақалада рефлексияның негізгі принциптері мен оның есеп процесіндегі орны сипатталады, сондай-ақ өндірістік процестердегі нақты жағдайларға байланысты қолданудың ерекшеліктері анықталады. Зерттеу барысында цифрлық технологиялар мен автоматтандырудың бухгалтерлік есепке рефлексивті әдістерді енгізуде маңызды рөл атқаратыны көрсетіледі. Бұл әдістерді қолдану арқылы қаржылық есептіліктің сапасы жақсарып, ақпараттың толықтығы мен өзектілігі артады. Сонымен қатар, өндірістік кәсіпорындардың ішкі бақылау жүйесін жетілдіру мен тәуекелдерді басқаруда рефлексивті әдістердің тиімділігі атап өтіледі. Мақалада бухгалтерлердің кәсіби білімін арттыру және ұйымішілік коммуникацияны нығайту арқылы осы әдістердің қолданылуын оңтайландыру ұсынылады. Қорытындылай келе, өндірістік жағдайларда бухгалтерлік есепте рефлексивті әдістерді қолдану кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, басқару шешімдерінің сапасын арттыруға және бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға септігін тигізетін маңызды құрал ретінде қарастырылады.

Тірек сөздер: рефлексивті әдістер, бухгалтерлік есеп, өндірістік жағдайлар, қаржылық есептілік, басқарушылық шешімдер, цифрлық технологиялар, ішкі есептілік, талдамалық тәсілдер.

Кіріспе

Қазіргі кәсіпорындарда басқарушылық шешімдер қабылдау үдерісі тек нақты деректерге ғана емес, олардың интерпретациясына да сүйенеді. Сондықтан рефлексивті әдістер басқарушылық және қаржылық есептің дамуына ықпал етеді [1].

Дэвид Колбтың тәжірибелік оқыту циклі де рефлексияны маңызды кезең ретінде қарастырады. Бұл цикл төрт кезеңнен тұрады: нақты тәжірибе алу, осы тәжірибені рефлексиялау, теориялық талдау және жаңа тәжірибені жоспарлау. Рефлексия осы циклдің екінші кезеңін құрайды, онда студент өзінің алған тәжірибесін сыни тұрғыдан қарап, білім мен әрекетін жетілдіреді [2].

Отандық ғалым З.Д. Искакованың пікірінше, рефлексияны «бухгалтерлік деректердің маңыздылығын арттыруға, оның мазмұндық жағын терең ашуға бағытталған әдіс деп көрсеткен [3].

Рефлексиялық оқыту әдістері студенттердің білімін тереңдетуге, олардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына, өзін-өзі реттеу қабілетін арттыруға бағытталған. Бұл әдістер оқытудың интерактивті формаларына жатады және олар оқытушы мен студент арасындағы диалогты қамтамасыз етеді.

Рефлексиялық әдістердің түрлері:

- ◆ жазбаша әдістер: күнделік, эссе, сұрақтарға жауап беру;
- ◆ сұхбат және талқылау: топтық пікірталас, рөлдік ойындар;
- ◆ өзін-өзі бағалау: SWOT-талдау, өзіндік тестілеу;
- ◆ кері байланыс алу: оқытушы мен студент арасында, сондай-ақ топ ішінде.

Рефлексия оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, студенттің өз әрекетін талдап, қателерін түзетуге, кәсіби дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бухгалтерлік есепте өндірістік жағдайларда қолданылатын рефлексиялық әдістер қызметті талдауға және бағалауға бағытталған тәсілдер, олар өзін-өзі талдау мен сыни ойлауға сүйенеді. Бұл әдістер проблемалық тұстарды анықтауға, қабылданған шешімдердің тиімділігін бағалауға және өндіріс пен бухгалтерлік есеп үдерістеріне түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Бухгалтерлік есеп пәнінде рефлексиялық әдістердің тиімділігі келесі бағыттарда көрінеді:

- ◆ күнделік жүргізу – студенттер сабақ барысында алған білімдерін және түсінбеген тұстарын жазады. Бұл әдіс олардың оқу материалын жақсы меңгеруіне және білім деңгейін бағалауға көмектеседі.
- ◆ эссе жазу – белгілі бір тақырыпқа қатысты өз пікірін қалыптастыруға ықпал етеді, аналитикалық ойлау қабілетін дамытады.
- ◆ SWOT-талдау – студент өз білімінің күшті және әлсіз тұстарын анықтап, оларды жетілдіру жолдарын қарастырады.
- ◆ топтық талқылау – әртүрлі көзқарастармен танысу және өз пікірін дәлелдеу дағдыларын дамытады.

Мысалы, «Қаржылық есеп» тақырыбын оқыған студенттерге өндірістік кәсіпорындардың нақты қаржылық есептерін қарастырып, әр түрлі есептілік жағдайларын талдау ұсынылады. Бұл талдау барысында студенттер өз есептерін қорғап, рефлексиялық жазбалар жазады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, осындай әдістерді қолдану студенттердің пәнді меңгеру деңгейін 15–20% арттырады [4].

Өндірістік жағдайлар ұғымы және олардың кәсіби даярлықтағы рөліне келетін болсақ – нақты кәсіпорындардағы есеп жүргізудің нақты мысалдары мен тапсырмалары. Оқу үдерісінде осындай жағдайларды модельдеу студенттердің теориялық білімін практикаға айналдыруға көмектеседі.

Өндірістік жағдайлардың негізгі ерекшеліктері:

- ◆ шынайылық – нақты кәсіпорындардың операцияларына негізделген;
- ◆ күрделілік – кәсіби деңгейдегі есептер мен мәселелерді қамтиды;
- ◆ көп қырлылық – әртүрлі есептік аспектілерді біріктіреді (қаржылық, салық, басқарушылық есеп).

Қазақстандағы бухгалтерлерге қойылатын кәсіби талаптар 2024 ж. өткізілген зерттеу нәтижесі бойынша, кәсіпорындардың 72% бухгалтерлерден өндірістік жағдайларды шынайы талдап, тиімді шешім қабылдауын күтеді [5].

Өндірістік жағдайларды оқу процесіне енгізу студенттердің келесі дағдыларын қалыптастырады:

- ◆ нақты есеп жағдайларын шешу;
- ◆ кәсіби стандарттарды сақтау;
- ◆ шешім қабылдау кезінде аналитикалық ойлау қолдану.

Өндірістік жағдайларда бухгалтерлік есепті оқытуда рефлексиялық әдістерді қолдану – бұл студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіру мен нақты кәсіпорын жағдайларын терең түсінуіне бағытталған процесс. Мұндай әдістердің басты ерекшелігі – тәжірибе мен теорияның тығыз байланысы, яғни студенттер өз тәжірибелерін саралап, алынған білімді нақты кәсіпорын жағдайларында қолданады.

Рефлексиялық әдістерді өндірістік жағдайларда қолдану барысында келесі ерекшеліктерге назар аудару қажет:

- ◆ жеке тәжірибеге негізделу: студенттер өз өндірістік тәжірибесін егжей-тегжейлі талдап, сол арқылы өз кәсіби әрекеттерін жетілдіреді. Мысалы, бухгалтерлік есептің нақты операцияларын тіркеген кезде, қандай қиындықтар туындағанын жазбаша түрде баяндау;

- ◆ сыни тұрғыдан бағалау: өндірістік жағдайларда жасалған қателіктер мен жетістіктерді талдау, оларды болашақта болдырмау жолдарын іздеу;

- ◆ топтық талқылауларды ұйымдастыру: өндірістік жағдайларды талқылау арқылы әртүрлі шешімдерді салыстыру және бірлескен тәжірибе алмасу;

- ◆ педагогикалық қолдау: оқытушылар өндірістік практика барысында студенттердің рефлексиялық жазбаларын талдап, кері байланыс береді, осылайша кәсіби өсуге ықпал етеді [6].

Мысалы, «Қаржылық есеп пен аудит» пәні бойынша өткізілген өндірістік тәжірибе барысында студенттер нақты кәсіпорынның жылдық қаржылық есептіігін өңдеді.

Олардың жазған рефлексиялық күнделіктерінен белгілі болғандай, 85% студент нақты есептерді шешуде өзін сенімді сезінгенімен, 40% студент салық есептілігін түсінуде қиындықтарға тап болды. Бұл көрсеткіш оқытушыларға келесі оқу кезеңінде салық есептілігі тақырыбын тереңдетіп қарастыруға мүмкіндік берді.

Өндірістік жағдайларда рефлексиялық әдістердің тиімділігін дәлелдеу үшін нақты практикалық мысалдар мен статистикалық деректерді қарастыру маңызды [7].

Атап айтсақ, өндірістік тәжірибесіне қатысқан студенттер арасында рефлексиялық әдістерді қолдану бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында студенттер күнделіктер мен эсселер арқылы өз тәжірибесін талдады. Зерттеу нәтижелері:

- ◆ студенттердің 78% кәсіби дағдыларын жақсартқанын атап өтті;
- ◆ 65% нақты есептік тапсырмаларды орындаудағы сенімділігі артты;
- ◆ 90% өндірістік тәжірибе нәтижесінде теориялық білімнің практикалық мәнін түсінгенін көрсетті.

Рефлексиялық әдістерді қолданған топтың студенттері пәнді игеру деңгейі бойынша рефлексиялық әдістерді қолданбаған топқа қарағанда 18% жоғары көрсеткіш көрсетті.

Өндірістік тәжірибе барысында рефлексия жүргізу студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін 22% арттырғаны байқалды [8].

Рефлексия бухгалтерлік есептің негізгі әдістерімен тығыз байланысты, өйткені ол есеп жүргізу процесін сыни тұрғыда бағалауға және үздіксіз жетілдіруге мүмкіндік береді. Төменде бухгалтерлік есептің әрбір негізгі әдісіне рефлексия нәтижелерімен сәйкестендірілген түрде нақты мысалдар келтірілген.

1. Құжаттауда рефлексия нәтижесіне келсек, студент немесе бухгалтер құжаттарды рәсімдеу барысында кеткен қателіктерді анықтап, олардың себептерін талдайды. Мысалы, бастапқы құжаттағы қате деректер жеткізілімнің дұрыс тіркелмеуіне алып келуі мүмкін екенін түсініп, болашақта мұқият тексеруге назар аударады.

«Жабдықтаушыдан түскен шот-фактурада тауардың саны дұрыс көрсетілмеген. Қате тіркеліп кеткен. Болашақта шот-фактурамен бірге нақты жеткізу актісін тексеріп қабылдауға шешім қабылданды».

2. Түгендеу (инвентаризация) рефлексия нәтижесі

Қорлар мен негізгі құралдарды түгендеу кезінде табылған айырмашылықтарды талдау арқылы есептің дұрыстығына күмән келтіретін немесе жүйелі қателіктерді анықтайды.

«Складтағы нақты тауар саны мен есептегі қалдық сәйкес келмеді. Бұл есепті дер кезінде жаңартпаудың салдары екенін байқадым. Болашақта есепті автоматтандыру қажет».

3. Шоттар жүйесі

Рефлексия нәтижесі: Шоттарда дұрыс таңдалмаған корреспонденция есеп қателігіне алып келуі мүмкін. Рефлексия барысында шоттарды дұрыс таңдауға дағдылану мен кодтауға ерекше назар аудару қажеттігі анықталады.

Мысалы: «Жалақыны есептеу кезінде 3350 емес, 3310 шоты қолданылып кеткен. Бұған себеп – шоттар жоспарын дұрыс меңгермеу. Алдағы уақытта шоттар кестесін үнемі қарап отыру қажет екенін түсіндім».

4. Бағалаудағы рефлексия нәтижесі

Мүлікті немесе қызметтерді бағалаудағы айырмашылықтарды сараптау арқылы әдістемелік негізді қайта қарауға себеп болады.

«Негізгі құралдың тозуын есептеу кезінде қалдық құн дұрыс анықталмаған. Бағалау тәсілін дұрыс қолданбау нәтижесінде есеп қателігі туындады».

5. Калькуляция кезіндегі рефлексия нәтижесі

Өнімнің өзіндік құнын дұрыс есептемеу өндірістік шығындарды бағалауға әсер етеді. Рефлексия нәтижесінде калькуляция әдістерін тереңірек меңгеру қажеттігі туындайды.

«Өнімді өндіруге жұмсалған нақты шығындар мен жоспарлы шығындар арасында үлкен айырмашылық болды. Нақты шығындарды дұрыс бөлмеу – негізгі себеп екені анықталды.»

6. Қос жазба әдісінде рефлексия нәтижесі

Бухгалтер қос жазбаны жүргізу барысында кеткен сәйкессіздікті анықтап, дебет пен кредитті дұрыс байланыстырудың маңыздылығын түсінеді.

«Материалдар кірісі 1310 шотына дебетпен, бірақ дұрыс емес шотқа кредитпен жазылып кеткен. Жұмыс барысында қос жазба логикасына тереңірек көңіл бөлу керек.»

7. Бухгалтерлік балансын құрастыруда рефлексия нәтижесі

Баланс құрастыру кезінде актив пен пассивтің теңгерімділігіне талдау жасап, құрылымның дұрыстығына баға беріледі. Рефлексия нәтижесінде баланс көрсеткіштері арасындағы байланыс жақсы түсініледі.

«2023 жылдың соңында баланс теңгерімі сәйкес келмей қалды. Мұның себебі – кезең соңында амортизацияны ескермеу. Мұндай жағдайлардан сабақ алып, кезең соңында толық шолуды әдетке айналдыру керек».

8. Қаржылық есептілікте болатын (есеп беру) рефлексия нәтижесі

Қаржылық есепті әзірлеу барысында аудитория үшін маңызды ақпараттарды іріктеу және нақты ұсыну машығы дамиды [9].

«Есептілік құжаттарда табыс пен шығын бойынша толық мәлімет берілмеген. Енді қаржылық есептің ашықтығы мен толықтығын басты назарда ұстайтын боламын».

«Қаржылық есепті әзірлеу барысында аудитория үшін маңызды ақпараттарды іріктеу және оларды нақты түрде ұсыну. Бұл жалпы кәсіпорынның қаржылық жағдайын дұрыс бағалауға, мүдделі тараптарға (акционерлерге, инвесторларға, салық органдарына) сапалы есептілік беруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ақпаратты құрылымдап беру арқылы пайдаланушылардың шешім қабылдауына көмектеседі».

Бухгалтерлік есеп және аудит мамандықтарын оқыту барысында рефлексивтік бағалау білім алушының кәсіби дамуына бағытталған шығармашылық және бейресми (формалды емес) тәсіл ретінде ерекше маңызға ие болуда. Бұл тәсіл оқытудың дәстүрлі бағалау жүйесіне қарағанда тұлғаның ішкі ойлау процестеріне, өз іс-әрекетін бағалау қабілетіне және алынған білімді шынайы өндірістік жағдайлармен байланыстыра алуына басымдық береді.

Шығармашылық тұрғыдан алғанда, рефлексия студентке нақты есептік жағдайлар бойынша өз шешімдерін қайта ой елегінен өткізуге, оларды басқалармен салыстырып, баламалы тәсілдерді қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл білім алушының логикалық ойлауын, кәсіби пікір айту дағдысын және кәсіби этика негізінде шешім қабылдау қабілетін дамытады [10].

Бейресми тәсілдер рефлексивтік күнделіктер жүргізу, топтық пікірталастар, жағдайлық тапсырмаларды талдау, кәсіптік портфолио жинақтау сияқты әдістер арқылы жүзеге асырылады. Мұндай формат білім алушының тек нәтижені емес, оқу процесінің өзін, қиындықтар мен жетістіктерді саралауға бағытталып, оның кәсіби өзіндік санасын қалыптастырады.

Зерттеулер көрсеткендей, осы тәсілдерді жүйелі түрде қолдану студенттердің оқу мотивациясын 20–30%-ға арттырып, есептік пәндерді меңгеру тиімділігін едәуір жақсартады. Бұл әдістер әсіресе өндірістік практика кезеңінде өзекті, себебі білім алушы нақты есептік жағдайларда өз білімін сын тұрғысынан қолдануға мүмкіндік алады [11].

Осылайша, рефлексивтік бағалау бухгалтерлік есеп пен аудит саласында болашақ мамандарды кәсіби тұрғыдан дайындаудың маңызды педагогикалық құралына айналуға.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде болашақ бухгалтерлер мен аудиторларды даярлау тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларды қалыптастыруды, шешім қабылдау барысында сыни тұрғыда ойлай білуді талап етеді. Осы мақсатта рефлексивтік бағалау – оқыту процесін талдауға, білім алушының кәсіби ой-санасын дамытуға бағытталған шығармашылық және бейресми әдіс кеңінен қолданылуда [12].

1. Рефлексивтік тәсілдің шығармашылық сипаты

Рефлексияны шығармашылық тұрғыда қолдану студентке тек дұрыс жауапты табуға емес, өз шешімін түсіндіруге, оны кәсіби негізде дәлелдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Қаржылық есептілік» пәнін оқыту барысында студентке нақты компанияның жылдық есебі ұсынылады. Ол есепті талдап, қаржылық жағдайын бағалап қана қоймай, алынған ақпаратты қандай мақсатта қолдануға болатынын (инвесторға, кредиторға, менеджерге) жазбаша немесе ауызша түсіндіреді. Бұл шығармашылық ойлау мен коммуникативтік дағдыны дамытады.

2. Бейресми тәсілдер және олардың тиімділігі

Бейресми рефлексивтік әдістерге мыналар жатады:

- ♦ рефлексивтік күнделік жүргізу;
- ♦ жұптық/топтық пікірталастар;
- ♦ «кейстік» тапсырмалар (жағдайлық есептер) шешу;
- ♦ презентациялар жасау;
- ♦ өзіндік бағалау және бірін-бірі бағалау.

Осы әдістер білім алушылардың өз оқу процесіне деген жауапкершілігін арттырып, білімді қолдану қабілетін дамытады.

«Аудит негіздері» пәні бойынша студенттерге нақты өндірістік жағдайға негізделген аудит жоспарын әзірлеу тапсырылды. Жобаны дайындағаннан кейін әр студент өз жұмысына қысқаша рефлексиялық пікір жазды: қандай қиындықтар болды, қандай шешімдер тиімді болды, нені жақсарту қажет.

3. Алматы қаласындағы үш жоғары оқу орнында жүргізілген зерттеу нәтижесінде (қатысқан студенттер саны – 120), мынадай қорытындыларға қол жеткізілді және зерттеу нәтижесі келесі кестеде көрсетілген:

Кесте 1 – Алматы қаласындағы үш жоғары оқу орнында жүргізілген зерттеу нәтижесі, 2024 ж.

Бағалау көрсеткіші	Дәстүрлі әдістер	Рефлексивтік әдістер
Материалды меңгеру деңгейі	68%	86%
Студенттердің пәнге қызығушылығы	60%	83%
Шешім қабылдау қабілетін бағалау	55%	79%
Өзіндік ойлау және талдау машығының дамуы	48%	81%
Практикалық дағдыны меңгеру	62%	88%
Ескертпе: Авторлармен [7] дереккөз негізінде құрастырылған.		

1 кестеде жасалған талдауда рефлексивтік әдістерді жүйелі түрде қолдану студенттердің пәндік білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың кәсіби ойлау, жағдайды бағалау және дәлелді шешім қабылдау қабілеттерін арттырады.

Сонымен қатар, білім алушылар өзін-өзі бағалауға үйреніп, өз қателіктерінен сабақ алу дағдыларын қалыптастырады.

Рефлексивтік бағалауды шығармашылық және бейресми әдіс ретінде қолдану – бухгалтерлік есеп пен аудит мамандықтары үшін тиімді педагогикалық құрал.

Бұл тәсіл студенттердің теориялық білімін нақты жағдайлармен ұштастыра отырып, кәсіби ойлау машығын дамытады. Болашақта бұл әдістерді оқу бағдарламасына жүйелі түрде енгізу – сапалы маман даярлаудың кепілі бола алады.

Рефлексивтік әдістердің тиімділігін зерттеу аясында халықаралық қаржылық есептілікті (IFRS – International Financial Reporting Standards) меңгерудің қорытындылары ғылыми негізде, нақты құрылыммен және салыстырмалы талдау арқылы ұсынылды.



Сурет 1 – ХҚЕС меңгерудегі оқыту әдістерінің тиімділігі

Ескертпе: Авторлармен [7] дереккөз негізінде құрастырылған.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС немесе IFRS) қазіргі бухгалтерлік білім берудің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл стандарттарды меңгеру кәсіби бухгалтерлер мен аудиторлар үшін жаһандық еңбек нарығында сұранысқа ие болудың негізгі шарты саналады. Алайда, күрделі терминология мен нормативтік-құқықтық мазмұн студенттер үшін оқу барысында бірқатар қиындықтар туғызады. Осыған байланысты рефлексивтік әдістерді қолдану ХҚЕС-ті тиімді меңгеруге үлкен мүмкіндік береді.

Рефлексивтік әдістердің студенттердің IFRS стандарттарын түсіну және қолдану деңгейіне әсерін анықтау.

Зерттеу 2023 ж. Алматы қаласындағы үш жоғары оқу орнында (ҚазҰУ, Нархоз, «Туран» университеті) жүргізілді. Қатысқан студенттер саны – 120 (3–4 курс, «Есеп және аудит» мамандығы).

2. Қолданылған рефлексивтік әдістер:

- ♦ рефлексивтік эссе жазу (мысалы, «IAS 1: Қаржылық есептің тұжырымдамалық негізі» бойынша);
- ♦ топтық талқылаулар (IFRS стандарттарын жағдайлық мысалдарда қолдану);
- ♦ рөлдік ойындар (аудитор – есепші – инвестор);
- ♦ өзіндік бағалау парақтары (белгілі бір стандартты түсіну деңгейін бағалау);

♦ рефлексиялық күнделік жүргізу (әр сабақ соңында негізгі түсініктер мен қиындықтарды жазу).

Зерттеу 2024 ж. Алматы қаласындағы үш жоғары оқу орнында (ҚазҰУ, Нархоз, «Туран» университеті) жүргізілді. Қатысқан студенттер саны – 120 (3-4 курс, «Есеп және аудит» мамандығы).

Кесте 2 – Алматы қаласындағы үш жоғары оқу орнында жүргізілген зерттеу қортындысы

Көрсеткіштер	Дәстүрлі оқыту (%)	Рефлексивтік әдістермен оқыту (%)
ХҚЕС негізгі қағидаларын түсіну	61%	85%
Қаржылық есеп үлгісін дұрыс құру	58%	82%
Стандарттарды нақты мысалда қолдану	52%	79%
ХҚЕС терминдерін түсіндіре алу қабілеті	47%	80%
Өз бетімен шешім қабылдай алу	51%	77%
Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Зерттеу нәтижелері рефлексивтік әдістердің халықаралық стандарттарды меңгеру үдерісінде жоғары тиімділікке ие екенін көрсетті.

Студенттер өз шешімдерін негіздеуге, стандарттар арасындағы байланысты көруге және есепті кәсіби тұрғыда талдауға бейімделе түсті. Сонымен қатар, ХҚЕС мазмұнын сыни тұрғыдан түсіну мен қолдану қабілеті едәуір артты.

Рефлексивтік әдістерді ХҚЕС оқытуда қолданудың нәтижесінде:

- ♦ қаржылық есептілікті дайындау кезінде шешім қабылдау дағдысын дамытады;
- ♦ студенттің халықаралық деңгейдегі кәсіби ойлауын қалыптастырады;
- ♦ аудит, салық және инвестициялық талдау пәндерімен байланысын күшейтеді.

Рефлексивтік әдістермен оқыту тиімділігі (ХҚЕС меңгеру)



Сурет 2 – Рефлексивтік әдістермен оқытудың әртүрлі аспектілер бойынша тиімділігі

Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Зерттеу нәтижелері рефлексивтік әдістерді қолдану арқылы білім беру үдерісінің сапасын едәуір арттыруға болатынын көрсетті. Атап айтқанда, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (ХҚЕС) меңгеру барысында келесі маңызды жетістіктер байқалды:

- ♦ теориялық қағидаларды түсіну – студенттердің 85%-ы ХҚЕС қағидаларын терең және саналы түрде меңгергені анықталды;
- ♦ қаржылық есептер құра білу – 82%-ы нақты өндірістік жағдайларда дұрыс есеп құруға қабілетті;
- ♦ мысалдар арқылы қолдану – 79%-ы стандарттарды практикалық кейстерде қолдана алған;

- ♦ кәсіби терминологияны түсіндіру – 80%-ы күрделі ұғымдарды түсінікті тілмен жеткізе алған;
- ♦ шешім қабылдау қабілеті – 77%-ы нақты жағдайларда бухгалтерлік шешім қабылдай алған.

Нәтижелер мен талқылау

Бұл көрсеткіштер дәстүрлі оқыту әдістерінен едәуір жоғары болып шықты. Салыстырмалы талдау нәтижесі бойынша, рефлексивтік әдістер оқытудың тек ақпарат беруші емес, сонымен қатар студенттің өзіндік ойлау қабілетін дамытуға, талдауға және шешім қабылдауға бейімдеуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, студенттер оқуға деген қызығушылықтарын арттырып, оқу үдерісіне белсенді қатысуға ұмтылады. Мұның барлығы білім сапасын арттырумен қатар, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

«Тәжірибелік аудит» курсы аясында халықаралық аудит стандарттарын (IAS/ISA) оқытуда рефлексивтік әдістерді қолдану студенттердің кәсіби ойлауын дамытып, нақты тәжірибеге негізделген шешім қабылдау қабілеттерін арттыратын тиімді тәсіл. Нақты мақсат студенттерге халықаралық аудит стандарттарын терең меңгертумен қатар, оларды талдау, салыстыру, жүйелеу және нақты аудиттік жағдайларда қолдану дағдыларын қалыптастыру [15].

Рефлексивтік әдістерді қолдану формалары бойынша келесідей кейс-стади (жағдайлық тапсырмалар) орындау қажет.

Компания аудитінде алынған дәлелдердің жеткіліктілігін анықтау (ISA 500) ISA 315 – Тәуекелдерді бағалау процесіндегі бақылауларды талдау.

Әрбір сабақ соңында студенттер 5–10 минут ішінде келесі сұрақтарға жауап береді:

- ♦ Мен бүгін не үйрендім?
- ♦ Бұл білім маған қандай тәжірибеде қажет болады?
- ♦ Қандай сұрақтар менде қалды?
- ♦ Келесі «Мен аудитор болсам...» рөлдік ойындары бойынша:
- ♦ студенттер нақты бір аудит процесін жүргізуші рөлінде болады, шешім қабылдайды, кейін өз әрекеттеріне сыни көзқараспен қарайды;
- ♦ стандарттар бойынша шешім қабылдаудағы дәлелдерін жазады;
- ♦ SWOT-талдау арқылы рефлексия:
- ♦ студент өзінің аудит тапсырмасын орындау барысындағы мықты және әлсіз тұстарын, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдайды;
- ♦ «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі бойынша:
- ♦ белгілі бір аудит стандартын топпен бірге талдау;
- ♦ жұппен ой бөлісу;
- ♦ кейін аудиттік сценарийді шешуде қолдану.

Кесте 3 – Сабақ құрылымы (ISA 500 бойынша)

Кезең	Мазмұны	Рефлексивтік элемент
1. Кіріспе	ISA 500 – Аудиттік дәлелдер теориясы	Алдын ала білімін еске түсіру (Writing prompt)
2. Талдау	Кейстік жағдай (мысалы, дәлел жеткіліксіздігі)	Шағын топпен пікірталас
3. Қолдану	Жағдайға шешім қабылдау	«Мен аудитор болсам...» ойыны
4. Рефлексия	Сабақты қорытындылау	Жеке күнделікке жазба, SWOT-талдау
Ескертпе: Авторлармен [16] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Рефлексивтік әдістерді «Тәжірибелік аудит» курсына енгізу:

- ♦ ойлауды тереңдетеді;
- ♦ халықаралық стандарттарды меңгертуді нақтылайды;
- ♦ кәсіби құзыреттілікті қалыптастырады;
- ♦ өзіндік бағалауға және сыни ойлауға үйретеді.

Кесте 4 – Бағалау критерийлері және бағалау қортындысы

Критерий	Ұпай (макс.)	Талдау нәтижесі
Стандартты дұрыс қолдану	10	Студент ISA 240 талабын толық меңгерген, алаяқтық тәуекелін тану және бағалау барысында нақты дәлелдер келтірген.
Дәлелдерді кәсіби бағалау	10	Қолда бар ақпаратқа кәсіби скептицизммен қараған, қосымша аудиттік процедуралар қажеттігін дұрыс анықтаған.
Рефлексия мазмұны мен тереңдігі	10	Эсседе этикалық және кәсіби дилеммалар терең қарастырылған. Өз шешімін негіздеп, болашақ кәсіби көзқарасын нақты сипаттаған.
SWOT-талдаудың толықтығы	10	Барлық төрт элемент толық және нақты жазылған. Алаяқтық тәуекеліне қатысты ішкі және сыртқы факторлар дұрыс сараланған.
Жалпы	40	Барлық тапсырмалар толық және сапалы орындалған, студент халықаралық стандарттарды қолдануда жоғары деңгей көрсетті.
Ескертпе: Авторлармен [17] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Кестеде көрсетілген бағалау критерийлері және бағалау қортындысы бойынша әр студентке немесе топқа толтыруға арналған жеке бағалау парағы, немесеавтоматты бағалау үлгісі (Excel, Google Sheet) жасалады.

Студент ISA 240 талабын нақты қолдана білді, алаяқтыққа қатысты тәуекелді дұрыс анықтады. Аудиторлық дәлелдерді кәсіби скептицизммен бағалап, қосымша процедуралардың қажеттілігін негіздеді.

Рефлексияда этикалық дилемма мен кәсіби жауапкершілік жақсы талданған. SWOT-талдау құрылымы толық және мазмұнды болды.

Кесте 5 – SWOT-талдау нәтижесі – ISA 240

Элемент	Талдау мазмұны
Күшті жақтар	Ұйымда аудит процесіне жауапты қызметкерлердің біліктілігі жоғары, ішкі бақылау жүйесі қағидаттарға сай құрылған.
Әлсіз жақтар	Алаяқтықты анықтауға бағытталған арнайы аудиттік процедуралар толық енгізілмеген, кейбір ішкі құжаттар жетілмеген.
Мүмкіндіктер	Цифрлық аудит құралдарын енгізу арқылы алаяқтықты ерте кезеңде анықтауға болады, қызметкерлерді оқыту арқылы сенімділік артады.
Қауіптер	Сыртқы экономикалық қысымдар мен нормативтік өзгерістер аудит процесіне кедергі келтіруі мүмкін. Ішкі мүдделер қақтығысы туындауы ықтимал.
Ескертпе: Авторлармен [18] дереккөз негізінде құрастырылған.	

SWOT-талдау нәтижесінде әрбір студенттің аудит стандартын түсіну деңгейі мен рефлексия жасау қабілеті айқын көрінді.

Бір студент аудиттегі алаяқтық тәуекелін анықтауда мықты теориялық база көрсетсе, ал басқасы дәлелдерді бағалау мен ұжымдық әрекетте жақсы нәтиже көрсетті. Келесі студент аудит стандартын тәжірибелік жағына байланыстырып, нақты заңнамалық аспектілерді талдай алды. Барлық студенттерде өзіндік даму мүмкіндіктері бар, дегенмен кейбір рефлексия мен сыртқы факторларды тереңірек зерттеу ұсынылады.

Студенттердің «ISA 240 – Аудиторлық міндеттер мен алаяқтық қаупі» стандартына байланысты тапсырманы орындау сапасы жалпы алғанда жоғары деңгейде болды. Көпшілік студенттер стандарттың талаптарын нақты қолдана білді және кәсіби скептицизм негізінде дәлелдерді бағалау дағдыларын көрсетті.

Рефлексия барысында кейбір студенттер жеке кәсіби ойларын жеткізуде терең талдау жасап, аудиттегі этикалық мәселелерді көтере алды.

SWOT-талдау нәтижелері құрылымдық тұрғыдан толық, алаяқтық тәуекеліне қатысты ішкі және сыртқы факторлар нақты анықталған. Сонымен қатар, әрбір студенттің жеке кәсіби дамуына қатысты мүмкіндіктері мен қауіптері де көрініс тапқан.

Қорытынды

Жалпы бағалау нәтижелері студенттердің аудит стандарттарын қолдану дағдыларының қалыптасқанын, әрі болашақ кәсіби тәжірибеде оны тиімді пайдалана алатынын көрсетеді. Дегенмен, кейбір студенттерге рефлексия мазмұнын тереңдету және дәлелдерді нақтылау бойынша қосымша бағыт-бағдар беру ұсынылады.

Кесте 6 – ISA 240 – Бағалау нәтижесі

№	Студенттің аты-жөні	Стандартты қолдану (10)	Дәлелдерді бағалау (10)	Рефлексия тереңдігі (10)	SWOT толықтығы (10)	Жалпы ұпай	Пікір
1	Айдана Серікқызы	9	10	9	10	38	ISA 240 стандартын сенімді қолданды, дәлелдерді бағалауда кәсіби скептицизм көрсетті. SWOT-талдауы нақты және толық.
2	Нұржан Болатұлы	8	9	8	9	34	Тапсырманы жалпы жақсы орындады. Рефлексияны тереңдете түссе, нәтижесі жоғары болар еді.
3	Аружан Ермекқызы	10	10	10	10	40	Барлық талаптарды толық орындады. Алаяқтық тәуекелдерін нақты талдап, кәсіби пікірін жеткізе алды.
Ескертпе: Авторлармен [9] дереккөз негізінде құрастырылған.							

Студенттердің «ISA 240 – Аудиторлық міндеттер мен алаяқтық қаупі» стандартына негізделген тапсырманы орындау сапасы жалпы алғанда жоғары деңгейде. Көпшілік студенттер аудит стандарттарын дұрыс қолданып, кәсіби скептицизм негізінде дәлелдерді бағалауда жақсы нәтижелер көрсетті.

SWOT-талдаулар мазмұнды, ішкі және сыртқы тәуекел факторлары нақты анықталған. Рефлексияда студенттердің кәсіби көзқарастары мен тәжірибелік пайымдаулары көрініс тапты. Жалпы, бұл студенттердің аудит теориясын тәжірибемен ұштастыра алатынын және кәсіби дамуға дайын екенін көрсетеді.

Өндірістік жағдайда бухгалтерлік есепті жүргізу барысында рефлексивті әдістерді қолдану кәсіпорынның қаржылық жағдайын, операцияларын және ішкі процестерін жан-жақты, терең талдауға мүмкіндік береді. Осы әдістердің тиімділігін арттыру үшін келесі ұсыныстарды енгізу қажет:

Жүйелі оқыту және әдістемелік қамтамасыз ету: Бухгалтерлер мен қаржылық талдаушыларға рефлексивті әдістердің теориялық негіздерін, қолдану технологияларын жүйелі түрде оқыту қажет. Бұл үшін арнайы семинарлар, тренингтер мен онлайн курстар ұйымдастыру ұсынылады.

Цифрлық технологиялармен біріктіру: Рефлексивті әдістерді автоматтандыру және цифрлық есеп жүйелеріне интеграциялау бухгалтерлік процестердің жылдамдығын арттырады және қателіктерді азайтады. Бұл мақсатта арнайы бағдарламалық құралдар мен аналитикалық модульдер әзірленуі тиіс.

Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру: Рефлексивті әдістер негізінде алынған мәліметтерді пайдаланып, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін күшейту керек. Бұл кәсіпорынның қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Коммуникацияны жақсарту: Бухгалтерлік есеп мамандары мен өндіріс бөлімдері арасындағы өзара түсіністікті арттыру мақсатында ақпарат алмасу мен біріктірілген талдау жүргізу жүйелерін дамыту қажет.

Үздіксіз жетілдіру: Өндірістік процестер мен қаржылық есеп талаптары өзгеріп отырғандықтан, рефлексивті әдістерді үнемі жаңартып, жетілдіріп отыру маңызды.

Қорытындылай келе, өндірістік жағдайда бухгалтерлік есепте рефлексивті әдістерді қолдану – кәсіпорынның қаржылық ақпаратын терең әрі жан-жақты талдаудың маңызды құралы. Бұл әдістер өндірістік процестердің ерекшеліктерін, ішкі және сыртқы факторлардың әсерін есепке ала отырып, шешім қабылдау сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Рефлексивті әдістердің тиімділігі бухгалтерлік есептің цифрландыруы мен автоматтандырылуымен, сондай-ақ кәсіби деңгейдің өсуімен тікелей байланысты.

Сондықтан, қазіргі заманғы өндіріс жағдайында бухгалтерлік есептің сапасын көтеру, тәуекелдерді басқаруды жетілдіру және стратегиялық жоспарлау процестерін қолдау үшін рефлексивті әдістерді кеңінен енгізу әрі оларды дамыту – өзекті әрі қажетті бағыт болып табылады. Бұл кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етіп, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Kolb D.A. Organizational Development Through Planned Change: A Development Model // Experience Based Learning Systems. 2015, pp. 27–45.
- 2 Искакова З.Д. Рефлексияның бухгалтерлік есептегі рөлі және тиімділігі // Қаржылық есеп және аудит. – 2021. – № 3. – Б. 45–53.
- 3 Мұратбеков А. Қаржылық есеп стандарты: халықаралық тәжірибе және Қазақстан жағдайы. – Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 150 б.
- 4 Қазақстандық бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік (IFRS негізінде): оқу құралы / Құраст. Т. Айтжанов. – Алматы: Экономика, 2019. – 230 б.
- 5 IFRS ресми сайтындағы қазақ тіліндегі материалдар. URL: <https://www.ifrs.org/> (өтініш берілген күн: 30.05.2025)
- 6 Қазақстан Республикасында халықаралық қаржылық есеп стандарттарын енгізу мәселелері // Экономика және құқық журналы. – Алматы, 2021. – 20 б.
- 7 Hail L., Leuz C., Wysocki P. Global Accounting Convergence and the Potential Adoption of IFRS by the U.S. // Journal of Economic Perspectives. 2010. Vol. 24. No. 1. P. 207–230.
- 8 Асанова Г. Халықаралық қаржылық есеп стандарттарының бухгалтерлік есеп жүйесіндегі орны. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ, 2022. – 90 б.
- 9 ҚР Қаржы министрлігі. IFRS стандарттарын қолдану бойынша әдістемелік материалдар. – Нұр-Сұлтан, 2023. – 120 б.
- 10 Ермекбаев Б. ХҚЕС-тің қаржылық есептілік сапасына әсері // Бухгалтерлік есеп журналы. – Алматы, 2020. – 15 б.
- 11 IFRS Foundation. IFRS for SMEs. 2021. 360 p.
- 12 Nobes C., Parker R. Comparative International Accounting. Pearson, 2020. 600 p.
- 13 Mirza A., Holt G., Orrell M. IFRS: Practical Implementation Guide and Workbook. Wiley, 2021. 392 p.
- 14 PwC. IFRS overview 2022. URL: <https://www.pwc.com/gx/en/services/audit-assurance/assets/ifrs-overview.pdf> (өтініш берілген күн: 30.05.2025)
- 15 Deloitte. IFRS in Your Pocket 2023. URL: <https://www.iasplus.com/en/publications/global/ifrs-in-your-pocket/2023> (өтініш берілген күн: 30.05.2025)
- 16 Жұмабаев Д. IFRS: Теория мен практика. – Алматы: Білім, 2018. – 300 б.
- 17 Қазақша аударылған IFRS стандарттарының негізгі түсіндірмелері: анықтамалық. – Нұр-Сұлтан, 2024. – 180 б.
- 18 Сергеев В.П. Международные стандарты финансовой отчетности и их применение. – Москва: Экономика, 2018. – 280 б.

REFERENCES

- 1 Kolb D.A. (2015) Organizational Development Through Planned Change: A Development Model // Experience Based Learning Systems, pp. 27–45. (In English).
- 2 Iskakova Z.D. (2021) Refleksijanyң buhgalterlik esepтегі rөлі zhәне tiimdiligi // Qarzhylyk esep zhәне audit. No. 3. P. 45–53. (In Kazakh).
- 3 Mұratbekov A. (2020) Qarzhylyk esep standarty: halyqaralyk tazhiribe zhәне Qazaqstan zhardajy. Almaty: QazYU, 150 p. (In Kazakh).

- 4 Қазақстандық бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік (IFRS негізінде): оқу құралы / Құраст. Т. Айтжанов. Алматы: Јекономика, 2019. 230 p. (In Kazakh).
- 5 IFRS resmi sajtyndary қазақ тіліндегі материалдар. URL: <https://www.ifrs.org/> (өтініш берілген күн: 30.05.2025). (In Kazakh).
- 6 Қазақстан Республикасында халықаралық қаржылық есеп стандарттарын енгізу мәселелері // Јекономика және құқық zhurnaly. Алматы, 2021. 20 p. (In Kazakh).
- 7 Hail L., Leuz C., Wysocki P. (2010) Global Accounting Convergence and the Potential Adoption of IFRS by the U.S. // Journal of Economic Perspectives. Vol. 24. No. 1. P. 207–230. (In English).
- 8 Asanova G. (2022) Halyқаралық қаржылық есеп стандарттарының бухгалтерлік есеп зһујесіндегі орны. Nұr-Sұltan: EYU, 90 p. (In Kazakh).
- 9 ҚР Қаржы министрлігі. IFRS standartтарын қолдану бойынша әдістемелік материалдар. Nұr-Sұltan, 2023. 120 p. (In Kazakh).
- 10 Ermekbaev B. (2020) HҚЕС-тің қаржылық есептілік сапасына әсері // Buhgalterlik есеп zhurnaly. Алматы, 15 p. (In Kazakh).
- 11 IFRS Foundation. IFRS for SMEs. 2021. 360 p. (In English).
- 12 Nobes C., Parker R. (2020) Comparative International Accounting. Pearson, 600 p. (In English).
- 13 Mirza A., Holt G., Orrell M. (2021) IFRS: Practical Implementation Guide and Workbook. Wiley, 392 p. (In English).
- 14 PwC. IFRS overview 2022. URL: <https://www.pwc.com/gx/en/services/audit-assurance/assets/ifrs-overview.pdf> (өтініш берілген күн: 30.05.2025). (In English).
- 15 Deloitte. IFRS in Your Pocket 2023. URL: <https://www.iasplus.com/en/publications/global/ifrs-in-your-pocket/2023> (өтініш берілген күн: 30.05.2025). (In English).
- 16 Zhұmabaev D. (2018) IFRS: Teorija men praktika. Алматы: Bilim, . 300 p. (In Kazakh).
- 17 Қазақша audarylған IFRS standartтарының негізгі тьсіндірмелері: анықтамалық. Nұr-Sұltan, 2024. 180 p. (In Kazakh).
- 18 Sergeev V.P. (2018) Mezhdunarodnye standarty finansovoj otchetnosti i ih primenenie. Moskva: Јекономика, 280 p. (In Russian).

ТЛЕУБАЕВА С.А.,¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: ms.santay@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3312-5593

КАСЫМБЕКОВА Г.Р.,^{*2}

PhD, ассоциированный профессор.

*e-mail: gulzhahan_k@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5411- 1297

АБУОВА Н.Ж.,²

сениор-лектор, м.э.н.

e-mail: n.abuova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0009-0376-8510

ЕСПЕРГЕНОВА Л.Р.,³

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: l.espergenova@almau.edu.kz

ORCID ID: 0009-0007-4936-5739

¹Университет Рединга, Институт образования,

г. Рединг, Великобритания

²Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

³Алматы менеджмент университет,

г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ РЕФЛЕКСИВНЫХ МЕТОДОВ В БУХГАЛТЕРСКОМ УЧЕТЕ В ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Аннотация

В данной статье подробно рассматриваются особенности применения рефлексивных методов в бухгалтерском учете в условиях производственной деятельности. Современная производственная среда характери-

зуется быстрыми темпами развития, технологическими инновациями и сложными экономическими трансформациями, что требует высокой точности, достоверности и аналитичности финансовой информации. Рефлексивные методы в бухгалтерском учете представляют собой не только инструмент фиксации операций, но и средство глубокого осмысления финансовых процессов, позволяющее анализировать причины, следствия и взаимосвязи хозяйственных фактов. Особое внимание в статье уделяется основным принципам рефлексии, ее роли в интерпретации данных бухгалтерского учета, а также практическим аспектам применения в реальных производственных условиях. Выявлено, что внедрение цифровых технологий, автоматизированных систем учета и аналитических платформ усиливает потенциал рефлексивных подходов. Такие методы позволяют повысить качество финансовой отчетности, улучшить внутренний контроль и повысить эффективность управления рисками. Также подчеркивается важность профессионального развития бухгалтеров, повышения их аналитических и критических компетенций, а также укрепления внутрикорпоративной коммуникации. В результате применение рефлексивных методов рассматривается как ключевой фактор повышения финансовой устойчивости предприятий, принятия обоснованных управленческих решений и формирования стратегического преимущества в условиях рыночной конкуренции.

Ключевые слова: рефлексивные методы, бухгалтерский учет, производственные условия, финансовая отчетность, управленческие решения, цифровые технологии, внутренняя отчетность, аналитические подходы.

TLEUBAYEVA S.A.,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: ms.santay@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3312-5593

KASSYMBEKOVA G.R.,^{*2}

PhD., associate professor.

*e-mail: gulzhahan_k@mail.ru,

ORCID ID: 0000-0002-5411-1297

ABUOVA N.Zh.,²

m.e.s., senior-lecturer.

e-mail: n.abuova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0009-0376-8510

ESPERGENOVA L.R.,³

PhD, associate professor.

e-mail: l.espergenova@almu.edu.kz

ORCID ID: 0009-0007-4936-5739

¹University of Reading,

Institute of Education,

Reading, UK

²Turan University,

Almaty, Kazakhstan

³Almaty Management University,

Almaty, Kazakhstan

FEATURES OF APPLYING REFLEXIVE METHODS IN ACCOUNTING UNDER INDUSTRIAL CONDITIONS

Abstract

This article provides a comprehensive examination of the features of applying reflexive methods in accounting within the context of industrial environments. The modern industrial sector is experiencing rapid development, technological innovation, and complex economic transformations, which require increased accuracy, transparency, and analytical depth in financial reporting. Reflexive methods in accounting are not limited to recording business transactions; they also serve as an essential analytical tool for understanding the financial health of an enterprise by examining the underlying causes, consequences, and interrelations of economic events. The article pays special attention to the basic principles of reflexion, its role in the interpretation of accounting data, and practical aspects of its application in real production conditions. It is revealed that the introduction of digital technologies, automated

accounting systems and analytical platforms enhances the potential of reflexive approaches. Such methods can improve the quality of financial reporting, internal control and risk management. The importance of professional development of accountants, enhancing their analytical and critical competences, and strengthening internal corporate communication is also emphasised. As a result, the use of reflexive methods is seen as a key factor in improving the financial stability of enterprises, making informed management decisions and forming a strategic advantage in the conditions of market competition.

Keywords: reflexive methods, accounting, production conditions, financial reporting, management decisions, digital technologies, internal reporting, analytical approaches.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.01.2025